Covid-19. Researchers from Cold Spring Harbor Laboratory (CSHL), University of Utah Health, PEEL Therapeutics, and Weill Cornell Medicine worked to investigate the possible function of NETs in COVID-19 by collecting blood samples from 33 hospitalized individuals as well as autopsy tissue. Neutrophil extracellular traps (NETs) are a form of defense that is used by the immune system against certain pathogens [11].

The Howard Hughes Medical Institute is one of the most respected and influential scientific organizations in the world. HHMI's Individual Investigator Grants are among the most prestigious and coveted grants for scientists working in the biomedical sciences, which have led

to quite a few breakthrough papers. HHMI also supports a broad science education program that includes personal support for professors and the creation of a series of educational projects. We encourage all high school juniors and seniors to familiarize themselves with the research that HHMI supports and to take advantage of the educational resources developed by the Howard Hughes Medical Institute [12].

The development of training modules included an extensive analysis of web content materials available to the public from various authoritative sources. Various animations, simulations, tutorials, and virtual laboratories are integrated into the modules. Examples of various practical tasks for independent solution were also presented.

All participants were interviewed before the start of the training program. The preliminary survey consisted of 10 questions and assessed students' knowledge in the field of molecular biology and their expectations from online educational materials. Participants were asked to mark the tasks they used. The training program was implemented using new online educational materials and a manual of tasks in molecular biology. Participants were given access to offline training materials after the survey and before practical training [13, 14, 15].

Conclusion. The need to create a base of material and methodological aids and sets of complex tasks in molecular biology was the motivation for the practical orientation of the research activities. During the work carried out, 4 modules were created, in which topics, subtopics, practical and laboratory work were highlighted. During this year the material and technical base was prepared, molecular techniques were developed and mastered. In a hands-on environment, about 40 tasks were collected on various topics and levels of molecular biology. The collection of tasks itself consists of 40 tasks, 2 parts and 9 sections. Descriptions illustrated with original tasks were compiled at the core of the data obtained, as well as literature analysis in three languages.

Similarly, a study of the results of showed that many students know, use and are able to meet the challenges in the subject of molecular biology.

The questionnaires and analysis of sources on the topic of the study revealed and demonstrated the true levels of students.

Based on the results, we made the following conclusions:

1. The analysis of scientific and pedagogical literature on this research problem was carried out.
2. The analysis of the obtained results showed that many students can independently solve problems on the task.
3. The average level of pupils' work with pupils and pupils' work without the help of an individual teacher was determined in biology lessons; ways of increasing the level of pupils' problem-solving were considered and used.
4. The main 4 modules in this discipline are highlighted. In a hands-on environment, a collection of 40-item problems in the molecular biology section was created.
5. Descriptions and ways of solving molecular biology problems in three languages were compiled and shown.

References:

- [1] **Friedman, L.M.**, Turetsky E.N. How to learn to solve problems. – Moscow: Prosveshchenie, 2013. – 140 c.
- [2] **Kolyagin, Y.M.**, Oganesyanyan V.A. Uchimya solving problems. – Moscow: Prosveshchenie, 2002. – 208 c.
- [3] **Bekish, V.Y.**, Zorina V.V.. Innovative Technologies of Teaching Foreign Students Medical Biology and General Genetics in English. In Collect: Education: Traditions and Innovations Materials of VI International Scientific and Practical Conference. Editor-in-chief Uvarina N.V., 2014. – C. 86-87.
- [4] **Temirgazina, Z.K.** Polylingual education: scientific and methodological foundations of creating electronic textbooks on biology in English for schools with Russian language of instruction / Advances in Modern Natural Science, 2015. №7. – C. 107-110.

[5] **Fakhrudanova, I.B.**, Baimanova L.S., Bekseitova A.T., Khamitova A.S., Khamzina B.E. Experience in the implementation of multilingual education in higher education / In Vb: Prospects for the development of higher education, proceedings of the IX International Scientific and Methodological Conference, 2017. – С. 9-14.

[6] **Kurkin, A.V.**, Rybalkin D.H., Interdisciplinary integration in teaching molecular biology in higher education institutions of the Republic of Kazakhstan / Journal of Morphology – ed. Eskulap, 2012. – Т-12. – 85-86 с

[7] **Berkes, E.** Practicing biology: Undergraduate laboratory research, persistence in science, and the impact of self-efficacy beliefs. Access point: URL: [Practicing_biology_Undergraduate_laboratory_research_persistence_in_science_and_the_impact_of_self-efficacy_beliefs](#) (дата обращения: 13.08.2023)

[8] **Bulay, R.**, Anderson S, Pariski A, Campbell S. Developing Online Training Materials in Molecular Biology: Enhancing Hands-on Lab Skills. Access point: URL: [Developing_Online_Training_Materials_in_Molecular_Biology_Enhancing_Hands-on_Lab_Skills](#) (дата обращения: 18.09.2023)

[9] Cold_Spring_Harbor_Laboratory. Access point: URL: <https://www.cshl.edu/> (дата обращения: 3.09.2023)

[10] School of Molecular and theoretical biology. Access point: URL: <https://molbioschool.org/ru/news/hhmi-thank-you> (дата обращения: 13.09.2023)

[11] DNA learning centre. Access point: URL: <https://dnalc.cshl.edu/> (дата обращения: 11.08.2023)

[12] Molecular and theoretical biology school concept. Access point: URL: <https://molbioschool.org/ru/page/concept> (дата обращения: 15.11.2023)

[13] Gold spring Harbor Laboratory Press. Access point: URL: <https://www.cshlpress.com/> (дата обращения: 20.09.2023)

[14] **Вук, V.L.** Molecular biology and general biology. Textbook for medical universities. – St. Petersburg, 2002 – 7 p.

[15] **Afanasiev, I.A.**, Yurina N.A., Kostovsky E.F. et al. Molecular biology: Textbook for medical universities. – 6th ed. – 800 p.: ill.

КӨПТІЛДІ ОРТА МЕКТЕП СЫНЫПТАРЫНА МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ӘЗІРЛЕУ

Гафу М.М., магистрант

Тулиндинова Г.К., биология ғылымдарының кандидаты

Корогод Н.П., биология ғылымдарының кандидаты

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан

Андатпа. Жұмыстың мақсаты мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған молекулалық биология бөлімі бойынша көптілді оқу-әдістемелік құралын әзірлеу болып табылады. Өмірлік жағдайға сәйкес келетін мәселенің типін немесе құрылымын анықтауды, мән-жайларды тұжырымдауды және қиын мәселені қамтитын молекулалық биология бойынша тапсырмалар жасау алгоритмі пайдаланылды. Апробация бойынша жұмыс Астана қаласы, Гафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясында жүргізілді. Анықтаушы эксперимент негізінде балалардың 60%-ы немесе 40 оқушы молекулалық биология бөлімі бойынша тапсырмаларды орындау бойынша үлгерімі төмен деп анықталды. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 25%-ы тапсырмаларды дұрыс шеше алды. Тек 10 адам, яғни респонденттердің 15%-ы тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады. Эксперимент барысында авторлар әзірлеген молекулалық биология бойынша тапсырмалар пайдаланылды, төрт негізгі модульге бөлінді, модульдің әрбір кіші тақырыбы оқу мақсаттарын, мазмұнын, анимациясын және тапсырмаларын қамтыды. Атқарылған жұмыстан кейін орындалу деңгейі төмен оқушылардың үлесі 20% -ға дейін төмендеді. Бақылау барысында молекулалық биология бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа деңгейі 32 білім алушыда (50%) тіркелген. Ал жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 2 есе артып, 30% құрады.

Тірек сөздер: оқу құралын әзірлеу, биология бойынша тапсырмалар, тапсырмаларды әзірлеу алгоритмі, молекулалық биология бөлімі, молекулалық биология бойынша тапсырмалар

РАЗРАБОТКА МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПО МОЛЕКУЛЯРНОЙ БИОЛОГИИ ДЛЯ ПОЛИЯЗЫЧНЫХ КЛАССОВ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

Гапу М.М., магистрант
Тулиндинова Г.К., кандидат биологических наук
Корогод Н.П., кандидат биологических наук

Павлодарский педагогический университет имени Ә.Марғұлан, г.Павлодар, Казахстан

Аннотация. Целью работы является разработка многоязычного учебно-методического пособия по разделу молекулярная биология для школ и вузов. Был использован алгоритм создания заданий по молекулярной биологии, включающий определения типа или структуры проблемы, соответствующую жизненной ситуации, формулировка обстоятельства и проблемный вопроса. Работа по апробации проводилась в школе-гимназии №2 имени Гафу Кайырбекова г. Астана. На основании констатирующего эксперимента 60% детей или 40 учащихся определены как имеющие низкий уровень успеваемости по выполнению заданий по молекулярной биологии. Около 25% всех опрошенных смогли правильно решить задачи. Только 10 человек или 15% респондентов справились с поставленными задачами на высоком уровне. В ходе эксперимента были использованы разработанные авторами задания по молекулярной биологии, разделенные на четыре основных модуля, каждая подтема модуля содержит цели обучения, содержание, анимацию и задания. После проделанной работы доля учащихся, показавших низкий уровень выполнения снизилась до 20%. Средний уровень выполнения задач по молекулярной биологии за период наблюдения зафиксирован у 32 обучающихся (50%). А показатели на высоком уровне увеличились в 2 раза и составил 30%.

Ключевые слова: разработка учебной пособия, задания по биологии, алгоритм разработки заданий, раздел молекулярной биологии, задания по молекулярной биологии.

БИОЛОГ-МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибадуллаева С.Ж., биология ғылымдарының докторы, профессор
[salt_i@mail.ru.](mailto:salt_i@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-3270-8364>;

Ерік Ш., магистрант
shakizadaerik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-5136-3188>

Таженова С.К., магистр
sandugash_77.09@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1346-0543>;

Ажмолдаева К.Б., PhD
[klara_1465@mail.ru.](mailto:klara_1465@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-1500-1375>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аннотация. Болашақ биолог мұғалімдерінің дамыта оқыту технологиясын қолданудың ұсынылып отырған моделі мазмұнының жаңалығы дамыта оқыту бойынша түсініктерін қалыптастыруды көздейді, кәсіптік білім беруде олардың практикалық дағдылары мен білімдерін бекітеді; білім, білік дағдыларын жетілдіру мазмұнын меңгерумен қатар, бұл келешекте білікті мұғалім болып қалыптасуына бағытталған. Болашақ биолог-мұғалімдері дамыта оқыту әдістемесінде білім алушылардың дамуы, олардың ақыл-ой белсенділігі, практикалық дағдылардың қалыптастыру үшін арнайы әзірленген оқу тапсырмалары бар тапсырмалар жүйесін пайдаланады.

Осыған байланысты мұғалімдер өздерінің әдістемелік құралдарын кеңейту және жаңарту қажеттілігін сезінеді. Білім берудің мақсаты – жеке тұлғаны процесс ретінде де, нәтиже ретінде де дамыту.

Дамыта оқыту – бұл студенттердің оқу-танымдық қабілеттерін қалыптастыру үшін қажетті жалпы және пәндік құзыреттіліктерін дамыту. Білім алушының ойын жоғары деңгейге көтеріп өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға, тұлғалық ұшқыр ойлы, белгілі бір шешімге келіп оны дәлелдей білуге, өз ой пікірін айтуға мүмкіндік жасау, сондай-ақ қазіргі талапқа сай білім алуына қол жеткізе алу. Қазіргі таңда құзыреттіліктер – бұл студент жақсы түсінетін және модельдеу тәжірибесін жинақтай отырып, белсенді, өз бетінше қолдана алатын сұрақтар шеңбері. Эксперименттік диагностикалық тесттер, жобалау, тапсырмалар жүйесі қолданды, айқындаушы эксперимент нәтижелері көрсетілді. Жоғары мектептің болашақ мұғалімдерін әдістемелік даярлау процесінде әдістемелік тапсырмаларды мақсатты пайдалану жүзеге асырылды.

Тірек сөздер: биолог-мұғалімдер, дамыта оқыту, өзіндік жұмыс, технология, тұлғалық даму, зерттеушілік, білік.

Кіріспе. Қазіргі қоғамның даму талаптарына сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелері білімалушылардың оқу-танымдық қызметін дамытуды мақсат етіп қояды. Қойылған мақсатқа жету үшін білімалушылардың танымдық қабілеттерін анықтау және одан әрі дамыту міндетін шешу, сондай-ақ осы процесінің дидактикалық негіздерін анықтау қажет. Қазіргі уақытта өңірлендіру отандық білім беруді (атап айтқанда биологиялық) жаңғыртудың маңызды бағыты болып табылады [1,2,3,4,5].

Кәсіби оқыту процесінің міндеттері: бірі жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне, оның рухани мәдениетінің дамуына ықпал етсе, екіншісі – мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді [6,7,8]. Бұл міндеттер кешені болашақ маманның кәсіби және тұлғалық дамуына бағытталғанын түсінеміз.

Теория мен практиканы байланыстыра отырып, танымның диалектикалық, технологиялық, қалыптастырушы әдістерін қолдануды ұсынатын, теория мен практиканы ұштастыратын оқу процесі арқылы жүзеге асады. Теориялық талдау барысында студент қарама-қайшылықтарды түсінуге, әртүрлі заттар мен құбылыстардың нақты диалектикасын көрсетуге, жағдаяттарды шешуге ортақ көзқарасты меңгере отырып, объективті байланыстар мен дамуға қол жеткізеді [9,10,11,12].

Бұл «пәннен білімді алу» теориясын нақтылайды. Оның қызметі – диалектикалық ойлау заңдылықтары бойынша жалпы таным барысында материяның түрлену процесінде сыртқы көріністен мағынаға қарай даму. Яғни, теориялық білім ойлаудың шығармашылық әрекетінің нәтижесі болып табылады және оларды жаңа нәтижелер пайда болатын практикалық әрекеттермен ұштастырудың маңызы зор [13,14,15,16,17].

Білім беру мазмұнының аймақтық құрамдас бөлігі – білім алушылардың білім, дағды, құндылықтарды, шығармашылық тәжірибені меңгеру процесі мен нәтижесі, олардың органикалық үйлесімі оларға аймақтық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті, таңдаған қызмет саласында табыс пен мансапты қамтамасыз етеді; сондай-ақ олардың өмірлік жоспарлары және еңбекке деген өңірлік қажеттілікке сәйкес қызметтің жаңа кәсіби саласында қайта даярлауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысының мақсаттарын анықтау үшін дамыта оқытуды қолданудың әдістемелеріне теориялық талдау және зерттеу барысында бақылау, сұхбат, сауалнама жүргізу. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі: ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы (П.Я.Галперин, Н.Ф.Талызина және т. б.), білім берудегі жеке көзқарас тұжырымдамалары (Н.А.Алексеев, Ш.А.Амонашвили, Э.Ф.Зеер, В.В.Сериков және т.б.), білім беруді ізгілендіру тұжырымдамалары (В.И.Загвязинский, В.Д.Семенов, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинский, В.Д.Шадриков және т. б.), оқытудағы модельдеу (В.А.Веников, М.В.Кларин және т.б.), білім беру технологияларының дидактикалық және психологиялық негіздері (В.П.Беспалько, М.Е.Бершадский, В.В.Гузев, В.М.Монахов).

Зерттеу барысында келесі теориялық және эксперименттік әдістер қолданылды- философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау; зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ережелерді жалпылау және жүйелеу; педагогикалық бақылау, озық отандық және шетелдік тәжірибені жалпылау; модельдеу; диагностикалық әдістер (тестілеу, сауалнама, сұхбат, әңгімелер және т.б.); тәжірибелік-іздеу жұмысы; зерттеуде алынған деректердің статистикалық дұрыстығын өңдеу және анықтау үшін қолданылатын математикалық статистика әдістері.

Қазіргі кезде білім берудегі жалпыұлттық, мемлекеттік мүдделер мен әлемдік тенденцияларды көрсететін отандық білім беруді жаңғырту мектеп әлеуметтік-экономикалық қатынастарды ізгілендірудің және жеке тұлғаның жаңа өмірлік көзқарастарын қалыптастырудың маңызды факторы болуы керек деп болжайды. Осы төңіректе толық дұрыс шешім қабылдай алатын және соған байланысты әрекеттер жасай алатын, жаңа ойшыл, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауға мүмкіндік беретін білім берудің, орта және жоғары білім берудің заманауи тәсілдерін анықтау және қолдану іске асыру мәселелері қазіргі білім берудің парадигмасына айналды [18].

Қазіргі білім беру процесінде осы мәселе бағытталған педагогикалық тәсілді жүзеге асыру үшін инновациялық педагогикалық әдістерді, инновациялық оқыту технологияларын енгізуді талап етеді. Әрине бұл бір жағынан білім алушының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамытуға, ал екінші жағынан тұлғаның дара ерекшеліктерін де ескеруге мүмкіндік жасайды және сонымен қатар жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Әлемдік педагогикада білім берудің жаңаруы білім алушылардың белсенділігін арттыруға, сонымен қатар шығармашылық қабілеті жоғары және танымдық әрекеттерін жоғарылатуға, білім үрдісінің белсенді субъектісіне айналуға мүмкіндіктерді тудырды. Осы төңіректе білім беру үрдісінде білім алушылардың шығармашылық, танымдық мүмкіндіктерін дамыту маңызды мәселе болып табылады, ал білім беру үрдісінің негізгі нәтижесі ол өз бетінше алған білімін жаңа жағдайларда қолдана алатын, шығармашыл, белсенді тұлғаны тәрбиелеу болып келеді [19]. Осылайша, жаңартылған білім беруде дамыта оқыту білім алушының жалпы интеллектуалды даму құралына айналдыру мәселелерін шешеді. Білім алушының зерттеушілік қабілеттерінің дамуы ол дамыта оқыту нәтижесінде іске асады деп айтуға болады.

Жалпы педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау дамыта оқыту мәселесінің бірнеше психологтар мен дидактилер қарастырғанын анықтады. Мысалы, осы мәселеге байланысты белгілі әдіскерлер Л.С.Выготский, Л.В.Занков, И.Я.Лернер, Н.Дайри, М.И.Махмутов және басқалар өз зерттеулерінде аса мән берді. Осы төңіректе "Дамыта оқыту" ұғымын анықтаудың бірнеше тәсілдері қарастырылды: білім алушының ойлауының теориялық түрін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту түрі; ақыл-ой әрекетінің кезең-кезеңімен қалыптастыруға негізделген оқыту түрі; бірнеше принциптерге сүйенген оқыту-мәселелері, танымдық, зерттеушілік қызығушылықты дамыту [20]. Алайда, білім беру процесіне барлық оқытуда қолайлы "дамыта оқыту" деген болмайтыны анықталған.

Егер де дамыта оқыту дегеніміз жалпы алғанда білімді толыққанды игеруді қамтамасыз ете отырып, жаңа міндеттерді өз бетінше шешу деңгейінде жеке ой білдіре отыра, шығармашылық ойлаудың дамуына әсер ететін, ғылыми таным әдістерін игеруге ықпал ететін және проблемалық, тәуелсіз, сонымен қатар, ойлау қабілетін дамытуды мақсат тұтатын оқыту деп айтуға болады

Зерттеу нәтижелері. Биология білім беру бағдарламасы бойынша дамыта оқыту арқылы білім алушылардың кәсібилік және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту үшін сабақтарда зерттеу әдістерін үйлесімді пайдалана отырып оқыту әдістемесі іске асырылса, онда білім алушылар тәжірибе арқылы өз бетімен білім алуды меңгереді. Зерттеу нәтижесінде білім алушыларда дамыта оқыту барысында кәсібилік және зерттеушілік біліктер қалыптасады деген болжамымызды тексеру үшін 2022-2023 оқу жылында тәжірибелік-эксперимент жұмыстары жүргізілді. Болашақ биолог-мұғалімдерді дайындауда дамыта оқыту технологиясын қолдану әдістемесі моделінің мазмұндық компоненті биологиялық білім беруде дамыта оқыту туралы түсініктерін қалыптастырудың өзара байланысты компоненттерін қамтиды (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік). Ол болашақ биолог-мұғалімдерді дайындауда дамыта оқыту технологиясын қолдану үшін негіз болып табылатын биологиялық мазмұнды (білім мен біліктерді) таңдауды анықтайды.

Мотивациялық компонент биолог-студенттерде биологиялық білім беру барысындағы алған білімдеріне, қалыптасқан сүйене отырып, дамыта оқытуды қолданудың маңыздылығы мен болашағына негіздеуге мүмкіндіктер туғызады. Мазмұндық компонентте дамыта оқыту технологиясын қолдануды қарастырдық. Іс-әрекеттік компонент дамыта оқыту технологиясын қолдана білуін қамтиды. ЖОО биологиялық білім беруде болашақ биолог-мұғалімдерді дайындауда дамыта оқыту технологиясын қолдану әдістемесінің процессуалды-әрекеттік компоненті осы іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін оқыту формалары мен оқыту әдістерін сипаттайды және биология сабақтарына қосу қажет әдістерді, әдістемелік тәсілдер мен дидактикалық құралдарды біріктіреді. Биологиялық білім беруде дамыта оқыту технологиясын қолдану әдістемесі моделінің нәтижелі-диагностикалық компоненті критерийлерді (мотивациялық, мазмұнды, операциялық) және деңгейлерді (төменгі, орташа және жоғары) дамыту және оларды анықтау үшін диагностикалық әдістемелер кешенін қамтиды. Болашақ биолог мұғалімдерінің дамыта оқыту технологиясын меңгерген көрсеткіштері мен өлшемдерін үш түрлі деңгейде қарастырдық (жоғары, ортаңғы және төмен).

Әдістемелік әдебиеттерді талдай отырып, болашақ биолог мұғалімдерінің дамыта оқыту технологиясын қолдануы мотивациялық, мазмұндық, белсенділік компоненттерінің бірлестігі негізінде жүзеге асырылады. Мотивациялық компонент білім алушылардың дамыта оқыту технологиясына қызығушылығымен сипатталады. Мазмұндық компонент дамыта оқыту технологиясы бойынша білім көлемімен анықталады. Іс-әрекет компоненті – дамыта оқыту технологиясын қолдану біліктер жиынтығынан құралады. Жоғарыда көрсетілген компоненттердің бір-бірімен байланысы негізінде, тұтастығын ескере отырып, болашақ биолог мұғалімдердің дамыта оқыту технологиясын қолданудың өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды (1-кесте).

Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мотивациялық өлшемін анықтау нәтижесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мотивациялық өлшемі

Деңгейлер	Эксперимент тобы (30 білім алушы)		Бақылау тобы (30 білім алушы)	
	саны	%	саны	%
Жоғары деңгей	8	26,6	10	32,1
Орташа деңгей	12	40	12	39,2
Төменгі деңгей	10	33,3	8	28,5


Жоғары деңгей. Дамыта оқыту технологиясын қолдануды меңгеруге қызығушылығы жоғары. Болашақ биолог мұғалімдер дамыта оқыту технологиясын қолдана алады. Берілген тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, оны білім беру процесінде байланыстыра алады, дамыта оқыту технологиясын қолданудың толық түсіндіреді. Дамыта оқыту технологиясын қолдануда өзіндік белсенділігі жоғары.

Ортаңғы деңгей. Дамыта оқыту технологиясын қолдануға қызығушылығы бар, ол жайлы білім алушының түсінігі болғанымен, ол нақты емес. Берген жауаптарын толық дәлелдей алмайды. Берілген тапсырмаларды орындайды, алайда оны дамыта оқыту технологиясын қолданудың білім беру процесінде ерекшелігін анықтай алмайды, дамыта оқыту технологиясының білім алушылардың білімдерін дамытудағы орнын толық түсіндіре алмайды. Дамыта оқыту технологиясын қолдану ерекшелігін анықтауда оқытушы нұсқауы мен көмегін керек етеді.

Төменгі деңгей. Дамыта оқыту технологиясын қолдануға қызығушылығы мен түсінігі де төмен. Жауаптарына нақты дәлелдер келтіре алмайды. Тапсырманы да өз бетінше орындамайды және дамыта оқыту технологиясы жайында хабары аз, технологиялық білім процесіндегі орнын түсіндіре алмайды.

Тәжірибелік-эксперименталды жұмыс айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін қамтыды. Тәжірибелік-эксперименталды жұмысының айқындаушы кезеңінде білім алушылар төмендегідей көрсеткіштер көрсетті.

Айқындаушы экспериментінің нәтижесі зерттеушілік біліктердің мотивациялық өлшемінің жоғары деңгейін эксперимент тобында білім алушылардың 26,6%, орта деңгейді 40%, төменгі деңгейді 33,3% көрсетті, ал бақылау тобында жоғары деңгейді білім алушылардың 32,1%, орташа деңгейді 39,2%, төменгі деңгейді 28,5 % көрсетті (1-сурет).




1-сурет – Айқындаушы экспериментінің нәтижесі - зерттеушілік біліктердің мотивациялық өлшемінің көрсеткіштері

Сонымен қатар, білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мазмұндық өлшемін анықтау нәтижесі төмендегідей болды (2-кесте).

2-кесте – Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мазмұндық өлшемі

Деңгейлер	Эксперимент тобы (30 білім алушы)		Бақылау тобы (30 білім алушы)	
	саны	%	саны	%
Жоғары деңгей	9	33,3	10	32,1
Орташа деңгей	12	36,6	11	35,7
Төменгі деңгей	9	30	9	32,1

Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мазмұндық өлшемін айқындауға арналған экспериментінің нәтижесі бойынша жоғары деңгейді эксперимент тобы білім алушыларының 33,3%, орташа деңгейді 36,6%, төменгі деңгейді 30% көрсетті, ал бақылау тобында жоғары деңгей 32,1%, орташа деңгей 35,7%, төменгі деңгей 32,1% тең болды (2-сурет).




2-сурет – Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің мазмұндық өлшемі

Зерттеу барысында біздің зерттеуіміз бойынша білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің операциялық өлшемін анықтау нәтижесінде алдыңғы екі көрсеткіш шамаларына ұқсас болды (3-кесте)

3-кесте – Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің операциялық өлшемі

Деңгейлер	Эксперимент тобы (30 білім алушы)		Бақылау тобы (30 білім алушы)	
	саны	%	саны	%
Жоғары деңгей	7	26,6	9	25
Орташа деңгей	11	33,3	8	32,1
Төменгі деңгей	12	40	13	42,8

Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің операциялық өлшемін айқындау нәтижесі эксперимент тобы білім алушыларының 26,6% жоғары деңгейді, 33,3% орташа деңгейді, 40% төменгі деңгейді көрсетсе, ал бақылау тобында жоғары деңгей 25%, орташа деңгей 32,1%, төменгі деңгей 42,8% тең болды (3-сурет).



3-сурет – Білім алушылардың зерттеушілік біліктерінің операциялық өлшемі

Келтірілген кестелер мен диаграммаларды талдау барысында зерттеуге қатысқан білім алушыларды танымдық белсенділіктің орташа деңгейі басым екендігін байқатты.

Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес, білім алушыларды дамыта оқыту мақсатында бірнеше тапсырмалар ұсынылады. Төменде сол тапсырмалардың бір бөлігі ұсынылған.

№4-тапсырма. Жеке жұмыс.

«Тұлға бұлшықеттер физиологиясы» тақырыбына байланысты студенттерге «биологиялық диктант» беріледі.

1. Бұлшықет ұлпасынан, тығыз және кеуекті дәнекер ұлпалардан, қан тамырларымен жүйке талшықтарынан тұратын мүшелер жүйесі –деп аталады.
2. Бұлшықет ұлпасы құрылысына қарай топқа бөлінеді.
3. Бұлшықет талшықтары –..... деп аталады.
4. Миофибриллалар деп аталатын нәруыздардан құралады.
5. Ғалымдар адам денесінде астам қаңқа бұлшықеттері бар деп есептейді.
6. Бұлшықеттердің атқаратын қызметіне жатады.
7. Арқа бұлшықеттері деп бөлінеді.
8. Көкірек бұлшықеттерідеп бөлінеді.
9. Адам денесінің кеуде және құрсақ қуысының арасын бөліп тұратын күмбез тәрізді бұлшық ет - деп аталады.
10. Бастың бұлшықеттері деп 2-ге бөлінеді.

Жауаптары:

1. Бұлшықет ұлпасынан, тығыз және кеуекті дәнекер ұлпалардан, қантамырларымен жүйке талшықтарынан тұратын мүшелер жүйесі – *бұлшықеттер жүйесі* деп аталады.
2. Бұлшықет ұлпасы құрылысына қарай **3 топқа** бөлінеді.

3. Бұлшықет талшықтары – *миофибриллалар* деп аталады.
4. Миофибриллалар – *миозин және актин* деп аталатын нәруыздардан құралады.
5. Ғалымдар адам денесінде *600-ден* астам қаңқа бұлшықеттері бар деп есептейді.
6. Бұлшықеттердің атқаратын қызметіне – *бұзу, жазу, айналдыру, бұру, көтеру* жатады.
7. Арқа бұлшықеттері *трапеция және ромб тәрізді бұлшық еттер* деп бөлінеді.
8. Көкірек бұлшықеттері *көкіректің үлкен бұлшық еттері, сыртқы қабырға аралық бұлшықеттер және ішкі қабырғааралық бұлшық еттер* деп бөлінеді.
9. Адам денесінің кеуде және құрсақ қуысының арасын бөліп тұратын күмбез тәрізді бұлшықет – *көкет немесе диафрагма* деп аталады.
10. Бастың бұлшықеттері *шайнау және ымдау* деп 2-ге бөлінеді.

Студенттердің оқу-әдістемелік қызметінде әдістемелік тапсырмаларды жүйелі және мақсатты қолдану биологиялық пәндер оқытушысымен өндірістік оқыту шеберінің жалпыланған әдістемелік іскерлігін қалыптастыруды, сондай-ақ студенттердің жеке кәсіби және жеке қасиеттерін (әдістемелік қызметке қызығушылық, шығармашылық белсенділік, бастамашылық және дербестік) дамытуды қамтамасыз етеді, бұл педагогикалық эксперимент нәтижелерімен расталады.

Зерттеу жұмысымыздың эксперимент кезіндегі тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын қорытындылау мақсатында алдымен екі топ білім алушыларына да айқындаушы эксперимент кезінде қолданылған сауалнамалармен тесттер қайта жүргізілді. Нәтижесінде эксперимент тобы білім алушыларының деңгейлері өзгеріп, жоғары және орташа деңгейді көрсетуші білім алушылар саны көбейіп, төменгі деңгейдің мөлшері азайғанын көрсетті.

Қорытынды. Қазіргі кезде білім берудегі жалпы ұлттық, мемлекеттік мүдделер мен әлемдік тенденцияларды көрсететін отандық білім беруді жаңғырту мектеп әлеуметтік-экономикалық қатынастарды ізгілендірудің және жеке тұлғаның жаңа өмірлік көзқарастарын қалыптастырудың маңызды факторы болуы керек деп болжайды. Осы төңіректе толық дұрыс шешім қабылдай алатын және соған байланысты әрекеттер жасай алатын, жаңа ойшыл, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауға мүмкіндік беретін білім берудің, орта және жоғары білім берудің заманауи тәсілдерін анықтау және қолдану іске асыру мәселелері қазіргі білім берудің парадигмасына айналды.

Дамыта оқытудың инновациялық әдістерін қолдану барысында білім алушылардың бойында маңызды құндылықтарды қалыптастырады, соның ішінде әрбір білім алушы өздігінен жұмыс жасауға дағдыланады; ақпараттарды жинақтауға, оны саралауға, сұрақты сауатты қоя білуге үйренеді; тапсырмаларды орындау барысында білім алушының жеке қабілеттері айқындалады; бір-бірімен қарым-қатынаста болу арқасында ақпараттар алмасады, іштей бір-бірінен қалмауға тырысады; тақырыптың неғұрлым өзекті тұстарына мән беріліп, оның күрделену деңгейіне сәйкес білім алушылардың ойлау қабілеті артады.

Жүргізілген экспериментті қорытындылай келе, білім алушыларда дамыта оқыту жайлы түсінік қалыптастырып, оларды қолданудың интербелсенді әдістерін қолданып, ізденушіліктерін дамыта отырып, теориялық және практикалық, өз бетінше жұмыстарды байланыстыра жүргізу керектігін дәлелдейді. Осы төңіректе айқындаушы эксперимент нәтижелері білім берушілерге дамыта оқыту технологиясын керектігін көрсетті.

Әдебиеттер:

- [1] **Бабанский, Ю.К.** Оптимизация процесса обучения: общедидактический аспект. – М.: Просвещение, 1982. – 122 с.
- [2] **Белкин, А.С.** Теория и практика витагенного обучения. Голографический подход // Образование и наука: Известия Урал, науч.-образов. центра РАО. – Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 2010. – № 2(2). – С. 34-44.
- [3] **Бенин, В.Л.** Антропологические основания педагогического образования. – Уфа: Башк. гос. пед. ун-т, 2015. – 98 с.
- [4] **Бершадский, М.Е.,** Гузеев В.В. Дидактические и психологические основания образовательной технологии. М.: Центр «Педагогический поиск», 2013. – 256 с.
- [5] **Беспалько, В.П.** Слагаемые педагогической технологии. – М.: Просвещение, 2007. – 96 с.
- [6] **Беспалько, В.П.** Педагогика и прогрессивные технологии обучения /Ин-т развития проф. образования. – М., 2015 – 336 с.
- [7] **Бланко, Росе и Рук Сантје.** Интеграция учащихся с особыми образовательными потребностями в странах Латинской Америки и Карибского бассейна: положение сегодня и перспективы //Перспективы, 2016. том XXV. – №2. – С. 89-100.
- [8] **Браверман, Э.М.** Развивающее обучение на занятиях по физике //Физика в школе, 2017. – №6 – С.23-28.
- [9] **Брушлинский, А.В.,** Поликарпов В.А. Мышление и общение (2-е дораб. изд.). Самара: Самар. Дом печати, 2019. – 128 с.
- [10] **Бухарова, Г.Д.** Дидактический эксперимент: цели, задачи и методика проведения: Учеб. Пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 2015. – 38 с.
- [11] **Выготский, Л.С.** Педагогическая психология/Под ред. В.В. Давыдова. М.: Педагогика, 1991. – 480 с.
- [12] **Гузеев, В.В.** Лекции по педагогической технологии. М.: Знание, 2012. – 60с.
- [13] **Гусинский, Э.Н.** Построение теории образования на основе междисциплинарного системного подхода. – М.: Школа, 2014. – С.98.
- [14] **Давыдов, В.В.** О понятии развивающего обучения. //Педагогика, 2015. – №1. С.29-39.
- [15] **Дерябо, С.Д.** Диагностический анализ эффективности образовательных сред /Под ред. В.П. Лебедевой, В.И. Панова. М.: Молодая гвардия, 2017. – 215 с.
- [16] **Доман, Г.** и др. Как развить интеллект ребенка / Пер. с англ. М.: Аквариум, 2018. – 320 с.
- [17] **Дьюи, Дж.** Демократия и образование: Пер. с англ. М.: Педагогика-Пресс, 2020. – 380 с.
- [18] **Кунапина, К.** Білім сапасын тест арқылы тексеру// Қазақстан мектебі, 1997. – №9. – б.19-21
- [19] **Нурахметов, Н.,** Нуртаева Г. Тесты всякие нужны.//Учитель Казахстана, 2015, №11
- [20] **Досжанов, Т.** Тест сабағы //Қазақстан мектебі, 2014. – №9–10. – Б.42-46

References:

- [1] **Babanskiy, YU.K.** Optimizatsiya protsesssa obucheniya: didakticheskiy aspekt. – М.: Prosveshcheniye, 1982. – 122 s. [in Russian]
- [2] **Belkin, A.S.** Teoriya i praktika vitaminnogo obrazovaniya. Golograficheskiy podkhod // Obrazovaniye i nauka: Izvestiya Urala, nauch.-obrazov. Tsentral'noye RAO. – Yekaterinburg: Izd-vo Ural. Mister. prof.-ped. universitet, 2010. № 2(2). – S. 34-44. [in Russian]
- [3] **Benin, V.L.** Antropologicheskiye osnovy pedagogicheskogo obrazovaniya. – Ufa: Bashk. Mister. ped. Universitet, 2015. – 98 s. [in Russian]
- [4] **Bershadskiy, M.Ye.,** Guzeyev V.V. Didakticheskiye i psikhologicheskiye osnovy obrazovatel'noy tekhnologii. М.: Tsentr «Pedagogicheskiy poisk», 2013. – 256 s. [in Russian]
- [5] **Bespal'ko, V.P.** Kompozitsionno-pedagogicheskaya tekhnologiya – М.: Prosveshcheniye, 2007. – 96 s. [in Russian]
- [6] **Bespal'ko, V.P.** Pedagogika i progressivnyye tekhnologii obucheniya /Institut razvitiya, prof. obrazovaniye. – М., 2015. – 336 s. [in Russian]

- [7] Blanko Rouz i Ruk Sant'ye. Integratsiya studentov s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami v stranakh Latinskoy Ameriki i Karibskogo basseyna: segodnyashnyaya situatsiya i perspektivy //Perspektivy, – 2016. Tom XXV. – nomer 2. – S. 89-100. [in Russian]
- [8] **Braverman, E.M.** Uchebnaya podgotovka po fizike//Fizika v shkole, 2017. – № 6 – S. 23 – 28. [in Russian]
- [9] **Brushlinskiy, A.V.**, Polikarpov V.A. Myshleniye i obshcheniye (2-ye izdaniye). Samara: Samar. Dom pechati, 2019. – 128 s. [in Russian]
- [10] **Bukharova, G.D.** Didakticheskiy eksperiment: tseli, zadachi i metody provedeniya: Ucheb. Razresheniye. Yekaterinburg: Izd-vo Ural. Mister. prof.-ped. universitet, 2015. – 38 s. [in Russian]
- [11] **Vygotskiy, L.S.** Pedagogicheskaya psikhologiya / Pod red. V.V. Davydova. M.: Pedagogika, 1991. – 480 s. [in Russian]
- [12] **Guzeyev, V.V.** Lektsii po pedagogicheskoy tekhnologii. – M.: Znaniye, 2012. – 60s.
- [13] **Gusinskiy, Ye.N.** Postroyeniye teorii obrazovaniya na osnove mezhdistsiplinarnogo sistemnogo podkhoda. – M.: Shkola, 2014. – S.98. [in Russian]
- [14] **Davydov, V.V.** Kontseptsiya razvivayushchego obucheniya. //Pedagogika, 2015. – №1. S. 29-39. [in Russian]
- [15] **Deryabo, S.D.** Diagnosticheskiy analiz effektivnosti obrazovatel'noy sredy / Pod red. V.P. Lebedevoy, V.I. Panova. M.: Molodaya gvardiya, 2017. – 215 s. [in Russian]
- [16] **Doman, G.** i t. d. Kak razvivat' intellekt rebenka / Per. s angl. M.: Akvarium, 2018.–320 s. [in Russian]
- [17] D'yui Dzh. Demokratiya i obrazovaniye: Per. s angl. M.: Pedagogika-Press, 2020. – 380 s. [in Russian]
- [18] **Kunapina, K.** Bilim sapasyn test arkyly tekseru. // Kazakhstan mektebi. – 1997. – № 9. – B.19-21. [in Kazakh]
- [19] **Nurakhmetov, N.**, Nurtaeva G. All sorts of tests are needed.//Teacher of Kazakhstan, 2015, №.11. [in Russian]
- [20] **Doszhanov, T.** Sabaga test //Kazakhstan mektebi. – 2014. – No. 9-10. – B.42-46. [in Kazakh]

FEATURES OF THE USE OF ADVANCED TRAINING TECHNOLOGY IN THE TRAINING OF TEACHERS-BIOLOGISTS

Ibadullayeva S.ZH., doctor of Biological Sciences, professor

Erik Sh., master's student

Tazhenova S.K., master

Azhmoldaeva K.B., PhD

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda city, Kazakhstan

Annotation. The novelty of the content of the proposed model of using developmental education technology for future biology teachers is intended to form their understanding of developmental education, consolidate practical skills and knowledge in professional education; In addition to mastering the content of improving knowledge and skills, it is aimed at becoming a qualified teacher in the future. Future biology teachers, when developing teaching methods, use a system of assignments with educational tasks, specifically designed for the development of students, their mental activity, and the formation of practical skills. In this regard, teachers feel the need to expand and update their methodological tools. The purpose of education is the development of personality as a process and as a result.

Developmental education is the development of general and subject competencies necessary for the formation of educational and cognitive abilities of students. Raise the student's thinking to a higher level, independently search, make decisions, be smart, be able to come to a certain decision and prove it, express one's opinion, and also be able to achieve education in accordance with modern requirements.

Competencies now represent a set of questions that the student understands well and can actively, independently apply, gaining experience in modeling. Experimental diagnostic tests, design, and a system of tasks were used, and the results of the defining experiment were shown. The targeted use of

methodological tasks was implemented in the process of methodological training of future higher education teachers.

Keywords: biologists-teachers, developmental education, independent work, technology, personal development, research, knowledge.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИВАЮЩЕГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЕЙ-БИОЛОГОВ

Ибадуллаева С.Ж., доктор биологических наук, профессор

Ерік Ш., магистрант

Таженова С.К., магистр

Ажмолдаева К.Б., PhD

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

Аннотация. Новизна содержания предлагаемой модели использования технологии развивающего обучения у будущих учителей-биологов призвана сформировать у них понимание развивающего обучения, закрепить практические навыки и знания в профессиональном образовании. Помимо освоения содержания совершенствования знаний и умений, оно направлено на то, чтобы в будущем стать квалифицированным учителем. Будущие учителя-биологи при разработке методики преподавания используют систему заданий с учебными задачами, специально предназначенную для развития учащихся, их мыслительной деятельности, формирования практических навыков.

В связи с этим преподаватели чувствуют необходимость расширения и обновления своего методического инструментария. Целью образования является развитие личности как процесса и как результата.

Развивающее обучение – это развитие общих и предметных компетенций, необходимых для формирования учебно-познавательных способностей учащихся. Поднять мышление ученика на более высокий уровень, самостоятельно искать, принимать решения, быть сообразительным, уметь прийти к определенному решению и доказать его, выразить свое мнение, а также уметь достигать образование в соответствии с современными требованиями.

Компетенции теперь представляют собой набор вопросов, которые студент хорошо понимает и может активно, самостоятельно применять, приобретая опыт моделирования. Были использованы экспериментально-диагностические тесты, дизайн, система заданий, показаны результаты определяющего эксперимента. Целевое использование методических задач было реализовано в процессе методической подготовки будущих преподавателей высшей школы.

Ключевые слова: биологи-преподаватели, развивающее обучение, самостоятельная работа, технологии, развитие личности, исследования, знания.

СТУДЕНТТЕРДІҢ БИОЛОГИЯДАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Көшен С.А., магистрант

saltanatsaltanat23@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-1066-1371>

Байкенжеева А.Т., биология ғылымдарының кандидаты, доцент

ainur.20@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6114-3978>

Берденқулова А.Ж., биология ғылымдарының кандидаты

alma7707@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7207-7838>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Андатпа: Қазақстан Республикасы Балон конвенциясы бойынша жоғары кәсіби білім беруді жаңғырту аясында, білімді маман дайындау ғана емес, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға дайын, сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті маман дайындау мақсатын алға қойып отыр.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беруде алға қойған саясатының бірі - білім алушылардың шығармашылық дамуын, дербес ойлауын дамыту бағытында іс-шараларды жоспарлап, жүзеге асыру. Олардың қатарына білім алушылардың және жас ғалымдардың коммерциялық, ғылыми, әлеуметтік жобалардың конкурстарын, көрмелерін, форумдарын өткізіп отыруы. Аталған шығармашылық жобаларға биология білім беру бағдарламасының студенттерін белсенді қатыстыру мақсатында пәндік үйірмелер, кеңестер, әдістемелік сабақтар, курстар өткізіледі. Биологияның білім беру бағдарламасы студенттерінің осы шығармашылық жобаларға белсенді қатысуы мақсатында пәндік үйірмелер, кеңестер, әдістемелік сабақтар, курстар өткізіледі.

Мақалада биология білім беру бағдарламасының студенттерімен жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижесі берілген. Эксперименттің мазмұны жобалық оқыту технологиясы бойынша биологиялық пәндерде шығармашылық жобаларды орындауға студенттерді дайындау, ұйымдастыру жұмыстарының кезеңдері, орындалған жобалардың түрлері, дәрісханада (дәріс, практикалық сабақ, зертханалық сабақ) және дәрісханадан тыс (далалық практика, педагогикалық практика, диплом жұмысы, курс жұмысы) уақыттарда жүргізілетін жобалар жөнінде баяндалған. Шығармашылық жобаларды оқу бағдарламасында жоспарлау, жобаны орындауға студенттерді мотивациялау, жоба нәтижесін бағалау, жобаны рәсімдеу, жобаны презентациялау мәселелері қарастырылады.

Эксперименттің мақсаты-білім алушылардың арнайы білім дәрежесін анықтау, оларды шоғырландыруға және байытуға, тұлғаның шығармашылық принциптерін дамытуға ықпал ету. Экспериментке 6В01517-Биология білім беру бағдарламасының 2 курс бойынша 43 студент, 3 курс бойынша 40 студент, 4 курс бойынша 30 студент, барлығы 113 студент қатысты.

Тірек сөздер: шығармашылық, жоба, зерттеу жобасы, жоба технология, дағдыны қалыптастыру.

Кіріспе: Заманауи білім беру жағдайында жұмыс берушілердің сұраныстарына бағдарланудың өсуі біртіндеп тәжірибеге бағытталған оқытудың өсуіне әкелді. Теориялық білім мен практиканың арасындағы алшақтықты, қарама-қайшылықты болдырмаудың жолы – білім берудің жаңашыл формаларын қолдану.

Жобалық қызмет – оқу, зерттеу, тәрбиелеу, конструктивті, шығармашылық технология [1,2].

Бұл технология студенттердің кәсіби құзыреттілік кеңістігін едәуір кеңейтеді.

